

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
«Гидротехника, мелиорация және бизнес» факультеті
«Есеп, қаржы және аудит» кафедрасы

Австрия

Орындаған: Мирланқызы Б
Тексерген: Макенова А

Жоспар

I.Кіріспе

1.Халқы

2.Мемлекеттік құрылымы

3.Экономикасы

Халқы



- Аустрия, Аустрия Республикасы (нем. Österreich, Republik Österreich) — Орталық Еуропада орналасқан мемлекет. Солтүстігінде Чехия және Германиямен, оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында Словения, Мажарстан және Италиямен, батысында Швейцариямен шектеседі. Жері — 83 871 км², халқы — 8 221 646. Астанасы — Вена қаласы.
- Аустрияда Моцарт, Бетховен, Шуберт, Штраус сынды атақты композиторлар тұрып, еңбек еткен. Аустриялықтардың ұлттық әуендері – Вена вальстері мен иодли әндері. Аустрияға жылына жергілікті халық санына жуық, яғни 7 млн. шетелдік туристер келіп қайтады.



- 2006 жылғы санақтың мәліметі бойынша, ең ірі этникалық тобы - неміс тілді аустриялықтар, олар жалпы мемлекеттің халқының 88,6 %-ын құрайды. Негізгі ресми тілі - неміс тілі. Алайда, сөйлеу стилі неміс тілінің ресми түрінен қатты айқындалып, неміс тілінің аустриялық нұсқасы деп аталады. Бұл сөйлеу сдиалекті Швейцарияның неміс тіліне және Германияның бавар диалектіне ұқсас.
- Одан басқа 6 ұлттық азшылдық топтары бар: хорваттар, словактар, венгрлер, чехтар, цыгандар (барлығы шамасы 300 мыңдай адам болады). Словактар, хорваттар мен венгрлер көбіне Штирияның, Каринтияның және Бургерлантаң аудандарында тұрады. Аутриялықтардың көбі өздерін тек қана аустриялықтар деп атамай, тегі шыққан провинцияның атауымен атайды: штириялық, тирльдық т. с.с.



Мемлекеттік құрылымы

- Елдің Конституциясы бойынша Аустрия 9 өлкеден (немісше - Bundesland) тұратын Федеративтік Республика.



- Аустрияның өлкелері:
- Бургенланд - жер аумағы: 3966 км² (Австрия жерлері арасында 7-ші орын), халқы: 278 000 (9-шы орын), астанасы: Айзенштадт қаласы;
- Каринтия - жер аумағы: 9536 км² (5-ші орын), халқы: 559 000 (6-шы орын), астанасы: Клагенфурт қаласы;
- Төменгі Австрия- жер аумағы: 19 178 км² (1-ші орын), халқы: 1 546 000 (2-ші орын), астанасы: Санкт-Пельтен қаласы;
- Жоғарғы Австрия - жер аумағы: 11 980 км² (4-ші орын), халқы 1 377 000 (3-ші орын), астанасы Линц қаласы;
- Зальцбург - жер аумағы: 7 154 км² (6-ші орын), халқы: 515 000 (7-ші орын), астанасы Зальцбург қаласы;
- Штирия - жер аумағы: 16 392 км² (2-ші орын), халқы: 1 183 000 (4-ші орын), астанасы Грац қаласы;
- Тироль - жер аумағы: 12 648 км² (3-ші орын), халқы: 701 556 (5-ші орын) Инсбрук қаласы;
- Форарльберг - жер аумағы: 2 601 км² (8-ші орын), халқы: 360 000 (8-ші орын), Брегенц қаласы;
- Вена - жер аумағы: 414 км² (9 -шы орын), халқы: 1 670 000 (1-ші орын), Вена қаласы.

Экономикасы

- Аустрия экономикасы нарықтық қатынастар негізінде дамыған индустриялы-аграрлы мемлекет. Ел экономикасына ГФР компанияларының ықпалы күшті. Аустрия жылына 0,5 млн. тонна көмір, 1,0 млн. тонна мұнай, 4,5 млн. тонна болат және 54,9 млн. кВт сағат электр энергиясын өндіреді (1996 ж.). Дамушы өнеркәсіп салаларынан қара металлургия, алюминий өнеркәсібі, машина жасау (станоктар, транспорттық машиналар, электротехникалық бұйымдар), химия өнеркәсібі (азот тыңайтқышы, күкірт қышқылы, жасанды талшық, резина шығару), ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі өркендеген.
- Аустрия шаруашылығында мал шаруашылығының маңызы өте үлкен. Екіншілікпен қатар бау-бақша, жүзім шаруашылықтары дамыған. Аустрияның ұлттық табысы жылына 202,8 млрд. америка доллары болса, оны жан басына шаққанда 25,2 мың доллардан келеді. Соңғы көрсеткіш бойынша Аустрия Еуропа экономикалық аймағы бойынша алтыншы орында. Экспортқа жылына 55 млрд. доллардың өнімі шығарылып, 65 млрд. доллардың өнімі сырттан әкелінеді. Ал дүниежүзілік ішкі жиынтық өнімдегі Аустрияның үлесі 0,5%-тен сәл артық.

Валютасы

